

Тұпқараған ауданы әкімдігінің "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы " қаулысына толықтыру енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 1 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 ақпанда № 2976 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандары № 15 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 03.02.2020 № 15 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Тұпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 56 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 2696 болып тіркелген, "Ақпетік арайы" газетінде 2015 жылы 12 қарашада жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы төмендегі мәтінде 4-1 тарауымен толықтырылсын:

"4.1 "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі"

1.Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Тұпқараған аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2.Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің " Таушық селосының спорткешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

3."Тұпқараған аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі.

4."Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны".

2. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы міндетін атқарушы (Н. Ибрагимова) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*T. Асауов*

2016 жылғы "14" қантардағы №1  
Тұпқараған ауданы әкімдігінің  
қаулысымен бекітілген

## **"Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Е Р Е Ж Е С I 1. Жалпы ереже**

1. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) –мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Президент пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне, облыс және аудан әкімдерінің, әкімдіктерінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлімнің атауы:

Мемлекеттік тілде: "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Орыс тілде: Государственное учреждение "Тупкараганский районный отдел культуры, физической культуры и спорта".

4. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі – мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі және мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, жеке баланста мүлкі бар заңды тұлға болып табылады.

5. Тұпқараған ауданының әкімдігі мемлекет атынан Тұпқараған ауданы әкімдігінің "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

6. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің штаттық саны лимитін Тұпқараған ауданының әкімдігі бекітеді.

7. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Тұпқараған ауданы, Форт – Шевченко қаласы, Н.Оңғалбайұлы көшесі, № 2.

8. Жұмыс уақыты: дүйсенбі – жұма сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін. Түскі үзіліс 12:30-дан 14:00-ге дейін. Демалыс күндері – сенбі, жексенбі.

## **2. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары**

Тұпқараған ауданының "Мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің **миссиясы**:

Мәдениет, дене шынықтыру және спортты дамыту мәселелері бойынша мемлекет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру және жүзеге асыру болып табылады.

### **Міндеттері:**

Мәдениет, дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру;

Мәдениет, дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша мемлекеттік саясаттың қызметін үйлестіру;

Мәдениет, дене шынықтыру және спорттың материалдық-техникалық базасын жасау және нығайту, олардың инфрақұрылымдарын дамыту;

Халық ойындары мен спорттың ұлттық түрлерін дамыту;

Мәдениет, дене шынықтыру және спортты насихаттау.

### **Функциялары:**

Мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

Ауданның сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуескөй шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізууді жүзеге асырады;

Жергілікті маңызы бар тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

Өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

Ауданың мәдени мақсаттағы объектілерінің құрылышы, реконструкциясы және жөнделуі бойынша тапсырысшы болады;

Мемлекеттік мәдениет үйымдарын қолдайды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

Дене шынықтыру мен спорты дамытудың аудандық бағдарламалар мен жоспарларын дайындауды және жүзеге асырады;

Спорт түрлері бойынша аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде жарыстар өткізеді;

Спортың түрлері бойынша ауданың құрама командаларын дайындауды және олардың облыстық, республикалық, халықаралық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

Аудан аумағында бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамытады;

Аудандық мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді және бақылау жасайды;

Аудан аумағындағы спорттық шаралардың өткізілуін және үйымдастыру қызметін үйлестіреді;

Аудан бойынша дене шынықтыру және спортты дамыту бойынша мәліметтерді талдайды және атқарушы органға табыс етеді;

Бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп, дене шынықтыру және спорт жанындағы білім мен жетістіктерді, салауатты өмір салтының принциптерін насиҳаттауды жүзеге асырады;

Халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық 15 – 20 күндік даярлық спорттық курстарын үйимдастырады және өткізеді;

Спортшылар мен жаттықтырушыларға, судьяларға заңнамага сәйкес, разрядтар мен категориялар береді;

Спорт шеберіне кандидаттықса, спорт шеберіне, халықаралық дәрежедегі спорт шеберіне және заңнамамен белгіленген тәртіпте бірінші, екінші және үшінші спорттық разрядтардың берілуіне құжаттарды дайындау;

Ережелік мақсаттарды жүзеге асыру үшін "Түпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары:

Зандарда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға, кассалық операциялар жүргізуге;

Мемлекеттік және орыс тілдерінде мекеменің толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (символы) болады;

Өзінің мүлкіне иелік етеді, сондай - ақ өзінің балансы немесе сметасы болады ;

Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға;

Ережеде көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін құралдарды пайдалануға;  
Сотта талап қоюға және талапкер болуға;  
Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтауға;  
Белгіленген тәртіпте салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлеуге;

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға;  
Дене шынықтыру және спортты дамытуға қажетті жағдайлар жасауға;

Озінің біртұтас жүйесіне енетін аудандық, қалалық, селолық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын (бұдан әрі – кәсіпорын) балалар - жасөспірімдер спорт мектебі, жоғарғы спорт шеберлігі мектебі, олимпиадаға даярлау мектебі, клубтарды және барлық спорттық үйымдарды басқару.

"Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпорындарды және спорттық клубтарды бақылау мақсатында:

Кәсіпорындардың және клубтардың қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндettі көлемдерін айқындайды;

Кәсіпорындардың, клубтардың даму жоспарын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

Кәсіпорындар, клубтардың мұліктерінің сақталуына және даму жоспарларының орындалысына талдауды және бақылауды жүргізеді;

Кәсіпорындарды, клубтарды басқаруды жүзеге асырады;

Басшыны тағайындауды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаудын тәртіппен атtestаттаудан өткізеді;

Кәсіпорындардың, клубтардың жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

Кәсіпорындардың, клубтардың таза табысының бір бөлігін бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

Жыл сайын кәсіпорындардың, клубтардың еңбек ақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

Кәсіпорындар, клубтар басшыларының, оның лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйакы жүйесін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілгендей оның құзыretіне жататын өзге де мәселелерді шешеді және тексеру жұмыстарын жүргізеді.

### **3. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары**

1. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

2. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өз міндеттері бойынша жауаптылығы азаматтық заңдармен реттеледі.

3. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңды тұлғаны құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

4. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жасалатын азаматтық құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тіркелуі тиіс.

#### **4."Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі, есебі мен есептілігі**

1. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің оралымды басқару құқығында негізгі және айналымдағы қаражатынан тұратын, мемлекеттік мекеменің балансын қамтитын оқшауланған мүлкі болады.

2. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі аудандық коммуналдық меншікке жатады.

3. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнама актісінде өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге құқылы емес. Оған заңнамада көрсетілгендей шекте мүлікті басқару құқығы берілуі мүмкін.

4. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілгендей бухгалтерлік есеп пен статистикалық есептер жүргізеді.

5. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі статистика және салық органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат ұсынады.

6. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің кірістерінің мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ бөлім мүлкінің мөлшері мен құрылымы, оның шығыстары, қызметкерлерінің саны мен

құрамы, олардың енбекіне ақы төлеу, мекеменің қызметінде азаматтардың тегін енбекін пайдалану туралы деректер коммерциялық құпия болып табылмайды.

#### **4-1. "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі".**

Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Түпқараған аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Таушық селосының спорткешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

"Түпқараған аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі.

"Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

#### **5. "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметтерін ұйымдастыру**

1. "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымына бөлім басшысы және бөлімнің өзге де қызметкерлері кіреді.

2. "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, аудан әкімі тағайындаиды және қызметінен босатады.

3. "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы:

1) "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін басқарады және бөлімге жүктелген қызметтердің орындалысына жауап береді;

2) "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымын жасақтайты және оны әкімдіктің бекітуіне ұсынады;

3) "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі және бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен уәкілеттігін анықтайты;

4) Аудан әкімі аппаратының "Түпқараған аудандық мәдениет, деңе шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзырына жататын мәселелер бойынша қызметтерін үйлестіреді;

5) Заңнамада көрсетілгендей "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін марапаттайды және оларға тәртіптік шара қолданады;

6) "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы жөніндегі Ережені бекітеді;

7) Өзінің құзыреті шеңберінде бүйрық шығарады, нұсқау береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзге де уәкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **6. "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

Тұпқараған ауданы әкімдігінің "Тұпқараған аудандық мәдениет, дene шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.